

Қоғамдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Калинин ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 20 маусымдағы № 5 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабының, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 8 мамырдағы № 87 бұйрығына сәйкес, Калинин ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына "Қостанай облысы, 2024 жылы В2G сегменті үшін ТОБЖ салу" жобасы бойынша талшықты-оптикалық байланыс желілерін және телефон канализациясын орнату және пайдалану үшін Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Калинин ауылдық округі, Юбилейное ауылы, Рудненская көшесінің бойында орналасқан Юбилейное ауылының, жалпы ауданы 0,0629 гектар жер участке сіне 10 жылға мерзімімен шектеулі нысаналы жер пайдалану құқығы (қоғамдық сервитут) белгіленсін.

2. "Калинин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімге қол қойылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның көшірмесін электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорынның Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қостанай облысы бойынша басқармасы "Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының" филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жарияланғаннан кейін "Калинин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

С. Сапабеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК